



Автор: ИЗБАЕВА САЛТАНАТ ЕРАЛИЕВНА

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Мемлекеттің тарихи типтері, формалары және саяси режимдер

Тақырып: Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін пайдалану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін пайдаланады Басым көпшілігі: мемлекет түрлерін жіктеуді біледі Оқушылардың кейбірі: ғалымдардың пікірін негізге ала отырып,салыстырады, өзіндік тұжырым жасайды.
Тілдік мақсаттар:	Тақырыптық сөздік және терминология: Мемлекет, билік, басқару институты, тоталитарлық режим, демократиялық режимнің белгілері, мемлекеттік шығу тегі, мемлекеттің тарихи түрлері: құлдық, феодалдық, буржуазиялық және социалистік, саяси режимдердің түрлері.
Күтілетін нәтиже:	тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін пайдаланады
Бағалау критерийлері:	1. Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін пайдалану 2. Мемлекет түрлерін жіктеуді білу 3.Ғалымдардың пікірін салыстырып,тұжырым жасау
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтар: патриотизм өз елі үшін мақтаныш ұлттық сана-сезім тәуелсіздік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Power Point-пен жұмыс жасау дағдылары.
Пәнаралық байланыс:	география, экономика
Бастапқы білім:	5-ден 9-шы сыныптарға дейінгі әртүрлі секциялардан: империялардың құрылуы туралы, мемлекеттік басқарудың әр түрлі нысандарын (монархия, республика) қалыптастыру, Франция, Ұлыбритания және басқа да еуропалық елдердегі революциялық оқиғалар туралы жаңа тарихты, әлемдік тарихты және құқық негіздерін білуді қамтиды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	Ұйымдастыру. Сәлемдесу.Оқушылар жаңа сабаққа қатысты «МЕМЛЕКЕТ» , «БИЛІК» деген сөздер жазылған парақшаларды таңдау арқылы топқа бөлініңдер 1 топ «МЕМЛЕКЕТ» тобы 2 топ «БИЛІК» тобы	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (32 минут)	Жаңа сабақтың тақырыбымен, оқу мақсаты мен бағалау критерийімен оқушыларды таныстыру Мұғалім түсіндірмесі. Слайдтармен түсіндіреді «Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары» ТЖ 1 тапсырма «Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі арқылы мәтінді оқып, талқылаңдар. «Инфографика» әдісі бойынша тақырып бойынша қысқаша мағлұмат жазып, қорғаңдар Бағалау критерийі Дескриптор Тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін пайдалану 1. Мемлекет ұғымын анықтайды 2. Билік ұғымын анықтайды 3. Саяси институт ұғымын анықтайды 4. Негізгі тірек сөздерді пайдаланады 5. Тақырыптың мазмұнының ашылуына мән береді 6. Уақытты тиімді пайдаланады ҚБ «Басбармақ» әдісі бойынша топтар бір-бірін бағалайды. ЖЖ 2- тапсырма. «Бинго» әдісі бойынша берілген тапсырманы сәйкестендіріңдер 1. Мемлекет түрлерін жіктеуді алғашқылардың бірі болып ұсынған кім? Аристотель 2. Аристотель мемлекетті жіктеуді екі белгі бойынша анықтаған: Сандық, сапалық 3. Н. Макиавелли мемлекеттің даму формасының қағидатын енгізді Жүйелілік 4. Сапалық белгі дегеніміз не? Билеушілердің билікті ортақ мүдде үшін бе? әлде жек пайда үшін бе? 5. Монархия дегеніміз не? Дара билік 6. Теократия дегеніміз не? Мемлекет басшысы дінбасы болып саналатын басқару формасы ЖЖ 2- тапсырма. «Бинго» әдісі бойынша берілген тапсырманы сәйкестендіріңдер 1. Мемлекет түрлерін жіктеуді алғашқылардың бірі болып ұсынған кім? Аристотель 2. Аристотель мемлекетті жіктеуді екі белгі бойынша анықтаған: Сандық, сапалық 3. Н. Макиавелли мемлекеттің даму формасының қағидатын енгізді Жүйелілік 4. Сапалық белгі дегеніміз не? Билеушілердің билікті ортақ мүдде үшін бе? әлде жек пайда үшін бе? 5. Монархия дегеніміз не? Дара билік 6. Теократия дегеніміз не? Мемлекет басшысы дінбасы болып саналатын басқару формасы Бағалау критерийі Дескриптор мемлекет түрлерін жіктеуді білу 1. Мемлекет түрлерін жіктеуді алғашқылардың бірі болып ұсынған ғалымды анықтайды 2. Аристотель анықтаған белгіні көрсетеді 3. Н. Макиавелли мемлекеттің даму формасының қағидатын көрсетеді 4. Сапалық ұғымын анықтайды 5. Монархия ұғымын біледі 6. Теократия ұғымын біледі ҚБ «Табыс ағашы» әдісі бойынша жұптар бір-бірін бағалайды. Ж 3-тапсырма. Берілген ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, «ВЕНН диаграммасы» әдісін пайдаланып, өз тұжырымдарыңды жасаңдар Бағалау критерийі Дескриптор ғалымдардың пікірін салыстырып, өзіндік тұжырым жасау 1. Аристотель мен Н. Макиавеллидің тұжырымдарын оқиды, салыстырады. 2. 3 дұрыс, бұрыс – 3 жақсы, 3 нашар формасын анықтайды. 3. Кем дегенде 2 айырмашылығын, 2 ұқсастығын анықтайды 4. өзіндік тұжырымын жасайды ҚБ «Басбармақ» әдісі бойынша оқушылар бір-бірін бағалайды.	
Сабақтың соңы (3 минут)	Кері байланыс: Оқушылар «Тазалық» әдісі бойынша бүгінгі сабақ бойынша кері байланыс беріңдер	
Рефлексия (2 минут)	сабақ бойынша рефлексия	